«ДЕНСАУЛЫҚ
ЖӘНЕ ӨМІР
ДАҒДЫЛАРЫ»
КІТАПТАР СЕРИЯСЫ

КӨГЕРГЕН ІРІМШІК ҰІСІ

Бұзақы балалардан қалай қорғанамыз



Кэтрин ДеПино
Бонни Мэттьюс, Чарльз Бейл

БАЛАЛАР МЕН ЖАСӨСПІРІМДЕРГЕ АРНАЛҒАН
«ДЕНСАУЛЫҚ ЖӘНЕ ӨМІР ДАҒДЫЛАРЫ»
КІТАПТАР СЕРИЯСЫ

Blue CheeseBreathand Stinky Feet

HOW TO DEAL WITH BULLIES

written by CatherineDePino, Ed.D.
illustrated by Bonnie Matthews
and Charles Beyl

American Psychological Association
Washington, DC

Көгерген ірімшік иісі

БҰЗАҚЫ БАЛАЛАРДАН ҚАЛАЙ ҚОРҒАНАМЫЗ?

Авторы Кэтрин ДеПино, Ed.D

Көркемдеген Бонни Мэттьюс және Чарльз Бейл

BILIM FOUNDATION

Астана
2018

ӘОЖ 159.9
КБЖ 88.8
Д 26

Кітапты баспаға әзірлеген – *«Bilim Foundation» қоғамдық қоры*

Жоба жетекшісі – *Кенжеханұлы Р.*

Аудармашылар – *Танирбергенова Л.*

Редакторлар – *Башбаева З.*

Пікір жазғандар –

ДеПино Кэтрин

Д 26 **Көгерген ірімшік иісі:**
– Астана: Bilim Foundation. – 2018 жыл. – 54 бет.

ISBN 978-601-7989-05-7

Кітап қарапайым мектеп оқушысы Дарынның басынан өткен оқиға туралы. Әлішер есімді сыныптасы оны келемеждеп, қорқытып күн көрсетпейтін болады. Ол мектептегі жағдайды ата-анасына айтпайды, себебі бұл Әлішердің өшпенділігін одан сайын үдетіп жібереді деп ойлады. Мұны білген мұғалімі Дарынның ата-анасын хабардар етеді. Содан бастап Дарын әлімжеттікке қарсы тұру үшін ата-анасымен бірге жоспар құрады.

Мұндай жоспар сен үшін де маңызды болуы мүмкін. Онда бұзық балалармен күресуде қолданылатын түрлі стратегиялар бар. Оларды ата-анаңмен, туыстарыңмен және достарыңмен бірге үйренсең де болады.

ӘОЖ 159.9
КБЖ 88.8

ISBN 978-601-7989-05-7

© Magination Press, 2011
© «Bilim Foundation» ҚҚ, 2018

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Өмірдің қандай да бір кезеңінде көпшілігіміздің өзімізді әжуа-мазақ ететін немесе сыртымыздан, кейде тіпті қол көтеретін де адамдармен ұшырасатынымыз рас. Мен құрдастарының мазақтауынан немесе күш көрсетуінен жәбірленген көптеген баланы көрдім.

Біреу сені келемеждеп, күлкі етсе немесе қоқан-лоқы көрсетсе, өзіңді қалпыңда сезінуің өте қиын. Өзіңді осындайын десең, қарым-қатынасқа лайықпын ба деп мазасызданудың мүмкін немесе біреуге айт, олардың сені әлсізге санауы мүмкін немесе күлкі етуі ықтимал, немесе өзіңмен араласқысы келмей қалады деп ойлауың мүмкін. Бұзақының күш көрсетуінен қорқасың. Бұған төзу оңай емес, бірақ сен жәбір көрсетушіні одан әрі шамдандырғың келмейді. Жалғызсырап, көмекті кімнен сұрарыңды білмейсің. Бұл жағдайда не істеуге болады?

«Көгерген ірімшік иісі» кітабының кейіпкері Дарын сотқар Әлішердің мәселесін қалай да шешу керектігін түсінеді. Ол басқа балалардың өзін анасының еркетайы және жылаңқы деп ойлағанын қаламайды және жағдайдың одан әрі шиеленісуіне де жол бергісі келмейді. Оның көңіл күйі жабырқау.

Бұл оқиғада мұғалім Дарынның ата-анасын хабардар етеді. Дарын мектептегі жағдайды ата-анасы біліп қояды деп қорыққан еді. Бірақ мәселе өздігінен шешілгенде таңғалады және өзін иығынан жүк түскендей сезінеді. Егер мектептегі қиындықтар туралы ата-анаңа немесе өзің сенетін ересек адамға айтсаң, жеңілдеп қаласың және өзіңді қауіпсіздікте сезінесің. Басыңдағы жағдай өткінші және онда сенің кінәң жоқ, өмірде сенің тағдырыңа бейқам қарамайтын адамдар бар және саған жәбірлеушіден құтылуға көмектеседі. Осыны сезінген Дарын қандай жағдайда да қаншалықты қиын болса да, өз-өзіңе көмектесу үшін әрдайым мүмкіндік болатынын біліп қуанады. Және іске кірісе бастайды. Ол ата-анасымен бірлесіп бірталай Әлішерге қарсы айла-тәсіл ойлап табады, оған үйде жаттығады. Олар бұл тәсілдерді «жоспар» деп атайды.

«Жоспарды» сен де қолдана аласың. Ол жәбірлеушіден құтылуға, өзіңді қорғауға немесе кез келген бұзақыны қарусыз қалдыруға арналған көптеген стратегиялардан тұрады. Жоспардың стратегияларымен танысып алып, ата-анаңмен, басқа отбасы мүшелерімен немесе достарыңмен бірге жаттығып көр. Айнаның алдында, тіпті итің мен мысығыңның алдында да жаттығуға болады! Бастапқыда нәтиже шықпаса, көңілің қалмасын. Кейбір сотқарлар сені күлкі нысанасы етудің пайдасы жоқтығын бұл әдістерді сен бірнеше мәрте қолданғаннан кейін ғана түсінуі мүмкін. Көп жағдайда мәселенің бір күнде шешілмейтінін есіңде сақта. Бірақ мақсатқа жетуге табанды түрде ұмтылғанда мәселе міндетті түрде шешімін табады. Жоспар бойынша көбірек жаттығып, айла-амалды жиі қолданған сайын сенімдірек бола түсесің. Ал қорқынышың азая бастағанда жәбірлеушіңді келесі жолы кездестіргенде қандай амал қолданатының бірден еске түсетін болады. Және әрқашан да өзіңнің жалғыз емес екеніңді естен шығарма!

Саған кеңпейілдік пен мейірім тілеймін!

Кэтрин ДеПино

Мазмұны

Бірінш тарау

Тесірейген ызалы көздер 11

Екінші тарау

Жағдай құлдырай түсті. 15

Үшінші тарау

Шаруам бітті 23

Төртінші тарау

Жоспар 29

Бесінші тарау

Егер... 35

Алтыншы тарау

Орындалды 41

Жетінші тарау

Шегінер жер жоқ 46

Осы кітапты жазуға үлес қосқан қайырымды да елгезек психолог Шейна ДеПино Кудгиске, сондай-ақ Хоуп Кэтринге арналады: әлемің әрдайым жарық та әсем болсын. – КД

Тойоға арналады. – БМ

Сүйіспеншіліктері мен қолдаулары үшін Трейсиге, Лукасқа және Карсонға, сондай-ақ осының бәріне мүмкіндік берген анам мен әкеме арналады. – КБ

ТЕСІРЕЙҒЕН ЫЗАЛЫ КӨЗДЕР

Автобустан түскенім сол еді, алдымнан кес-кестеп Әлішер шыға келді.

Ол менен өткен сидиған арық еді. Бірақ ызалы көздері өңменіңнен өтеді, күлкісі де жағымсыз, араның ызыңы секілді.

Әлішер маған жақын келіп, бетіме қарап: «Сенің деміңнен көгерген ірімшік иісі шығады, сасық неме!» – деп айқай салды.

Кейбір сыныптастарым күліп жіберді.

Мен үйге жабайы құланнан да жылдам жүгіріп жеттім. Екінші қабаттағы бөлмеме тасыр-тұсыр етіп жеттім де, есікті тарс жаптым.

Барабан соққандай, қабырғаны жұдырығыммен тоқпақтай бердім.



– Бірдеңе болды ма? – деп сұрады анам.

– Ештеңе, – дедім мен.

– Түрің бұлтты аспандай түнеріп кетіпті. Бақылауды нашар жаздың ба? Әлде мектепте басқа қиындық болды ма?

Егер мен бәрін айтып берсем, Әлішер не істейді?

– Ондай ештеңе болған жоқ, – дедім. – Мұратпен кездесіп келсем деп ем?

– Әрине. Бірақ сөйлескің келсе, мен дайынмын.

ЖАҒДАЙ ҚҰЛДЫРАЙ ТҮСТІ

Келесі күні Әлішер дәлізде аяғымнан шалып қалды. Онымен қоймай, мені саусағымен нұсқап, күле бастады.

– Сенің деміңнен көгерген ірімшік иісі шығады, сасықсың.

Әлішердің есерсоқ екі досы қарқылдақ қарғалардай, оған қосыла кетті. Олар қарқылдап ұзақ күлді.

Мұғалімімізі Роза апай менің орнымнан тұруыма көмектесті.

– Бір жеріңді ауыртып алмадың ба? Не болды?

– Жоқ, бәрі дұрыс. Аяғым тайып кетті.

– Сыныпқа барыңдар, – деді Роза апай Әлішер мен достарына.

– Ха-ха-ха! – Олар өтіп бара жатып та күлуді тоқтатпады.

Мұғалімге бәрін айтып бергім келді.

Егер мұны Әлішер біліп қалса ше?



Сол күні түсте Әлішер мені асханада кезекте тұрған жерімнен ұстап алды.

Ызалы көздерін тесірейтіп:

– Ақшаңды маған бер, әйтпесе өкінесің, – деді.

– Олай бола қоймас, – деп жауап қаттым ақырын, қорқынышымды даусымнан білдіріп қоймауға тырысып.

Өзін бүкіл әлемнің билеушісіндей сезінген ол күліп шығып кетті.

– Тыңдама оны, – деді досым Мұрат. – Оныкі бос сөз ғой.

Ішім шұрылдап тұр еді:

– Саған айтуға оңай ғой, – дедім.

Автобусқа отырғанымда Әлішер қасыма келді. Оның шашбауын көтеруші досы тұрып кетпесін деп, мені иығымнан басты. Олар мені қытықтай бастады.

Автобус жүргізушісі:

– Автобусты тоқтатпай тұрғанда қойыңдар енді! – деп айғайлады.

– Өкінетін боласың деп айттым ғой саған, – деп сыбырлады да, Әлішер өз орнына жылжыды.

Жылама. Тек жылама.

Жылағанша өлгенім артық.

Автобустан сытылып шығып, үйге қарай барынша жүгірдім.

Өзімді жарылайын деп тұрған шартылдақтай сезіндім.

Тізелерім дірілдеп, аузым құрғап кетті, тап бір бор жеп алғандаймын.



Сол күнгі кешкі ас үстінде әкем менің көзіме үңіле қарады.

– Балам, нені уайымдап отырсың?

– Неге олай ойлайсыз?

Әкем менің десертімді нұсқады.

– Қарашы, балмұздағың ботқаға айналды. Бұл өзің ұнататын жаңғағы мен печенье үгіндісі бар балмұздағың емес пе?

– Мен тұра берейінші. Үй тапсырмасын орындауым қажет.

– Сені бір нәрсе мазалап жүр деп ойлаймын, – деді әкем. – Егер сен рұқсат етсең, көмектескім келеді.

Кінә өзімнен деп ойласа ше?

Мені жылауық деп ойласа ше?

Әлішердің әжуаларын өзің тоқтатуың керек десе ше?

– Шынымен де бәрі жақсы, әке, – дедім мен.

ШАРУАМ БІТТІ



Келесі күні таңертеңгісін Әлішер автобуста арт жағымнан сып етіп жетіп келді.

Иығымнан жұдырығымен түйіп қалды да:

– Үй жұмысын бер, көшіріп алам, – деді.

– Ешқашан, – дедім мен. Бірақ сөзім сенімсіз шықты.

Мен арқа қоржынымды ақтарып, үй тапсырмасын шығардым. Әлішер оны қолымнан жұлып алды.

Мұрат пен Сайын менімен қатарлас орындықтарда отырған. Қабақтары түйіліп кетті.

– Оның мұндай әрекетін тоқтату керек, – деді Мұрат.

– Басындырма, – деді Сайын.

Мен желкемнен Әлішердің ыстық ауыр демін сезіндім.

Мұрат мен Сайын бір-біріне, содан соң маған қарады.

– Өткенде не туралы айтқаныңды енді түсіндім, – деді Мұрат.

– Мұндай адамнан алыс жүрген дұрыс, – деді Сайын.

Түскі үзіліс кезінде Роза апай жаныма отырып:

– Сөйлесейік, – деді.

Мен отырған қалпымда бәтеңкемнің ұшына қарап телміріп қалдым.

Ол қалтасынан мыжылған қағазды алып шықты.

– Мынаны еденнен тауып алдым: «Абайла. Мен тәрізді Құдіреттен қашып құтыла алмайсың, сасық. Ха-ха-ха!»



Роза апайдың көзі мұңды еді.

– Сенің дәлізде құлап қалғаныңды да көрдім.

Егер апайға айта алсам ғой.

Ол мені жақсы түсінер еді.

Бірақ бәрін айтып берсем, не болмақ?

Жағдай сайын нашарлай түсе ме?

Әлішер Роза апай екеумізді аңдып тұрды.
Қоңырау соғылды да, мен есікке оқша атылдым.
Шаруам бітті.



Түскі үзілістен кейін Әлішер маған хат жазып жіберді. Менің жүрегім шапқылаған құлынша, атқылап соқты.

Ішім бұралып, қатты ауырып кетті.
Бәрін айтқаным дұрыс шығар?
Әлде бәрі мені ашықауыз деп ойлай ма?
Бұл үшін мені жек көріп кете ме?
Достарым теріс айналмай ма?

ЖОСПАР

Сол күні кешкісін анам:

– Мұғалімің қоңырау шалды. Сені мектепте біреулердің мазалайтынын ескертті, – деп жалғастырды.

Әкем:

– Неге ештеңе айтқың келмейтінін және ойнауға құлқың жоқтығын енді түсіндік, – деп жалғастырды.

– Мен өзім айтпайтын едім. Айта алмаймын, – дедім мен. – Бірақ Әлішерді тоқтату үшін бірдеңе істеуім керек. Бұдан әрі шыдай алмаймын.

– Сенің қолыңнан талай нәрсе келеді, балам, – деді әкем.

– Әлішердің сені мазалауын тоқтату үшін не істеуге болады? Ойластырып көрейікші, – деді анам.

– Бұл айла-тәсілдерді «Жоспар» деп атайық, – деді әкем.

Мен терең тыныс алдым.

Иығымнан ауыр жүк түскендей сезіндім.





– Білесің бе, балам, Әлішер секілді балалар шын мәнінде соншалықты керемет те, соншалықты нашар да емес. Егер сен олардың айтқанын орындамасаң, кейде олар жеңіліп, өз бетіне кетеді. Ең алдымен, Әлішерден барынша аулақ жүруге тырыс.

– Сонда басқа ғаламшарға көшіп кет дейсіз бе? – деп сұрадым мен. – Әлішер әйтеуір әрқашан қасымда.

Әкем жымиды:

– Тек көзіне көп түспеуге тырыс.

– Ол маған тіл қатқанда, естімегендей сыңай танытайын. Тіпті оны зиянсыз шіркей деп елестетейін.

– Сен үнемі өз достарыңмен бірге жүр, – деді анам. – Сонда ол саған тиіспейді.

– Мұрат пен Сайынмен сөйлесіп көрейін, – дедім мен. – Олар да Әлішерден қорқады, бірақ маған көмектесетінін білемін.



Кенет басыма тағы бір ой келді.

Егер бұл тәсілдер іске аспаса ше?
Онда не істеймін?

ЕГЕР...



Әкем ойымды оқып қойған секілді.

– Жоспар иығыңды тік ұстап, аяғыңа нық тұруыңа көмектеседі, – деді ол.

– Және көзіңді төмен салмай, басыңды көтеріп жүр, – деді анам.

Мен кеудемді керіп тұрып көкке қарадым:

– Енді өзімді сенімді сезіне бастадым.

– Міне, – деді әкем. – Өзіңді күштімін деп сезін және дәлелде. Ол сенің намысыңа тимейтіндей болсын.

– Өзіңнің шынымен қарсы тұрғаныңды көрсету үшін Әлішерге не айта аласың? – деп сұрады анам.

Бұлшық етім ширыға:

– Мен сөздің қасиетін қолданам. Мәселен, «Жолдан былай тұршы» деудің орнына «Маған сенің жолдан кеткенің қажет!» – деймін.

– Міне, енді түсіне бастадың, – деді әкем. – Өтініштің орнына қысқаша пәрмендер қолдан.

– Және ең батыл сөз, – деді анам. – «Әлішер». Сотқарды атымен ата.

Басымнан біреу шертіп қалғандай болды, енді мынаны түсіндім.

– Ешқандай дөрекілік көрсетпеймін. Мазақтауға да болмайды.

Әкем бас бармағын жоғары көтерді:

– Балам, сен бәрін түсіндің.

– Ең дұрысы – әзіл-күлкі. Мен жәбірлемей-ақ қалжыңдармын.

– Дұрыс, – деді әкем. – Ол бәрібір де сені арандатуын қоймаса, басқалар өзіңді еститіндей айқайлауыңа болады.

– Жоспармен жаттығуға дайынсың ба? – деп сұрады әкем.

– Иә, бастайық, – дедім мен.

Әкем бетіме тақап тұрып, жұдырығын сілки бастады.

– Жолдан кет, әйтпесе сенің тас-талқаныңды шығарам, – деп ақырды.

Мен кеудемді керіп, бетіне тіке қарадым.

– Менің мазамды алмауыңды қалаймын, Серік, – дедім мен.

– Дөп түстің, менің атым осылай, – деген әкем күліп жіберді.



Енді анамның кезегі келді. Бүйірін таянған ол қаһарлы дауыспен:

– Қасымнан өтіп кеткің келе ме? Алдымен мені жылжытып көр орнымнан, – деді.

Мен қағаз сүлгінің орамын алдым да, айқайға бастым:

– Көмектесіңдер! SOS! Көмек дабылы! 102-ге хабарлаңдар! Генерал Сыбанбаев, әскерді шақырыңыз!

Барлық құралдармен неге бір-ақ шабуылдамасқа?

– Ал егер жолдан кетпесең, Әлішер, Роза апайды шақырам.

ОРЫНДАЛДЫ

Келесі күні, біз спортзалға бара жатқанда, жанында бір досы бар Әлішер бізді қуып жетті.

Енді қайтсем екен? Басталды тағы.

Жоспар, бейне бір кинолента секілді, басымда бір айналып шықты:

Әлішер өзінің достарына:

– Демінен көгерген ірімшік иісі шығатын біреумен танысқың келе ме? – деді.

Достары иықтарын қиқаң еткізді.

Мен оның тесірейген ызалы көздеріне тура қарадым.

ЖЕРГЕ ЕМЕС, ЖОҒАРЫ ҚАРАУ – орындалды.

ИЫҚТЫ ТІК ҰСТАП, АЯҚҚА НЫҚ ТҰРУ – орындалды.

– Онымен менің де танысқым келеді, – дедім мен.

ӘЗІЛДЕУ – орындалды.

Әлішердің досы қабағын түйіп:

– Ол қорықпайтын сияқты, – деді.

– Көрерміз әлі, – деді Әлішер. – Көрерміз.



Сол күні, кейінірек, қолжуғыштың қасында Әлішер арқамнан тоқпақтай бастады.

– Тоқтат! – деп айқайладым мен полиция дабылына ұқсас дауыспен. – Мен саған боксшының нысаны емеспін.

БАТЫЛ СӨЗДЕРДІ ҚОЛДАНУ – орындалды.

БАСҚАЛАР ЕСТИТІНДЕЙ АЙҚАЙЛАУ – орындалды.

Кезекші мұғалім Әлішерге «сені ме!» дегендей сес көрсетті.

– Бозбала, қолыңызға ие болыңыз, – деді тағы да.

– Жарайды, ағай, – деп мәймөңкелеген Әлішер: – Ал саған әлі көрсетемін, – деп сыбырлады маған.

– Көрерміз, Әлішер! дедім мен.

МЫҚТЫ БОЛУ.

БҰЗАҚЫНЫ АТЫМЕН АТАУ.

Екеуі де орындалды.

Келесі сабақта Роза апай:

– Партаның үстінде ештеңе тұрмасын. Жинаңдар. Бүгін бақылау жазамыз, – деді.

Әлішер маған хат жіберді:

– Жауаптарыңды жібер, әйтпесе сабақтан соң көрсетем.

КҮШТІ БОЛУ ойыма қайта оралды. Хатты екіге бөліп, жыртып тастадым.

Енді не болар екен?

ЖЕТІНШІ ТАРАУ

ШЕГІНЕР ЖЕР ЖОҚ

Қоңырау шырылдады. Үйге қайтатын уақыт.

Әлішердің есіктің артына тығылғанын байқап қалдым.

Ол маған ызалы жолбарысша атылды:

– Төбелесуге дайынсың ба?

Шегінуге болмайды.

Бұл оңай шаруа емес.

Бірақ қолымнан келеді.



Мен кеудемді керіп, нық тұрып, Әлішердің көзіне тура қарадым. Содан соң даусымның қатты шыққаны соншалық – тіпті ашылып-жабылып жатқан шкаф есіктерінің шиқылы мен автобустарға айқайлап жатқан директордың даусынан да басым түсті.

– Әлішер, бұл жерден кет! Төбелескім келмейді.

Мұрат, Сайын және басқа да достарым есік алдына жиналып қалды.

– Жарайсың, Дарын! – деп шуылдап кетті олар.

Әлішер кекті көздерімен маған бажырая қарады. Кекесін күлкіден еріндері қисайып қатып қалды, бірақ ол қорқынышты да, ашулы да, соншалықты биік те емес еді.

– Саған не болған, сасық неме? Күшейіп алыпсың ғой.

БАТЫЛ СӨЗДЕР маған көмекке келді.

– Менің атым Дарын, – дедім. – Жолдан былай тұр.

Достарым маған қолдау көрсетті.

Бізді бақыламақ болған мұғалім де кабинеттің алдында тұр еді.

Әлішер оған қарады да:

– Қайдағы бір сасық неме үшін проблема тудырғым келмейді, – деп міңгірледі.

Есіктен шығып бара жатқанда Әлішердің:

– Сасық неме, әйтеуір бір түсерсің қолыма, – дегенін естіп қалдым.



– Ешқашан, – дедім мен. – Оның бола қоймас.

Сол күні Әлішер мені үйіме дейін аңдыған жоқ. Бұрылды да, кете барды.

Мұрат мен Сайын бір мезгілде қос қолыма «бес» берді.

Алақа-а-а-й, алақа-а-а-а-й!

– Апа, әке! Жоспар іске асты! Мен ойлағандай қиын болған жоқ. Еш жерім көгеріп, сүйегім сынған жоқ. Енді Әлішер маған тиіспейді деп ойлаймын.

– Мұны атап өту керек, – деді анам.

– Біз мерекелік кешкі ас ұйымдастырамыз, – деді әкем.

– Мен бір табақ етті жалғыз тауысуға дайынмын! Бірақ менің білгім келетін бір нәрсе бар.



– Дорблю ірімшігінің иісі қандай екен?

Әкем күліп жіберді:

– Сатып алайық. Салатқа қосқың келе ме?

– Жоқ, – дедім мен. – Ойымнан қайттым, одан да қызанақ қосылған пицца, жаңғақ пен печенье үгіндісі бар балмұздақ жейін.

Дорблю ірімшігінің де дәмін татармын.

Кейін, кезі келгенде.

Мүмкін, ешқашан татпаспын да.

АВТОР ТУРАЛЫ

Кэтрин ДеПино, Ed.D; Филадельфияда жоғары мектеп мұғалімі және мектеп жүйесінде тәрбиеші қызметкер болып қызмет атқарған, мектептегі бұзық балалармен тікелей жұмыс істеуде тәжірибесі мол. Мектепте психолог қызметін атқарушы қызы Шейна жәбір көруші барлық жастағы оқушыларға көмектесу үшін осы кітапта жазуға ықпал етіп, қолдау көрсеткен. Кэтрин ДеПиноның үш қызы бар және үш немере – Дина, Хоуп және Люк – тәрбиелеп отыр. Жолдасы Эндрю – зейнеткер-мұғалім. Пенсильвания штатындағы Бакс округінде тұрады.

Алғыс білдіру:

Мені әрдайым тыңдап, түсінуге уақытын бөлген сарапшы редактор Дарси Джонстонға үлкен алғысымды білдіремін. Сонымен қатар Бакс округіндегі Peace Centre кітапханашысы Мэри Луиза Робертске рахмет айтамын. – КД.

СУРЕТШІЛЕР ТУРАЛЫ

БОННИ МЭТТЬЮС көптеген балалар кітаптар безендірген. Сонымен қатар таңғажайып кейіпкерлері бүкіл әлем бойынша 100-ден астам журнал беттерінде және орама қағаздарда, ашық хаттарда, металл ыдыстарда, тіпті Land's End каталогінің мұқабасында жарық көрген.

ЧАРЛЬЗ БЕЙЛ Пенсильваниядағы ескі фермада орналасқан өзінің студиясында кітаптарға, журналдар мен газеттерге арнап әзіл-сықақ суреттерін салады. Онда отбасымен тұрады. Сүйкімді қара лабрадоры, екі мысығы және үш тауығы бар.

6–12 жас аралығындағы балаларға арналған

КӨГЕРГЕН ІРІМШІК ИІСІ

Бұзық *балалардан қалай қорғанамыз*

Әлішер достарының алдында қыр көрсетіп тұр: «Көгерген ірімшік иісі шығатын біреумен таныстырайын ба? Ей, сасық, үй тапсырмаңды берші, көшіріп алайын», – деді. Мен Әлішердің тесірейген көздерімен кездестім...

Дарын Әлішерге бірдеңе деуі керек. Бірақ не демек? Ол өзін мазаламауы үшін Әлішерге не істеуі керек. Біреуден көмек сұрай ма? Онда жағдай одан сайын шиеленісе ме деп қорқады.
Ал ата-анасы білген кезде Дарынның иығынан жүк түскендей болды. Оған өзі таңғалады. Ал Әлішерден құтылу үшін ата-анасы бірлесіп жоспар құрғанда өзіне сенімділік пайда болады. Келесі жолы Әлішерді Дарынға тиіскісі келгенде үлкен «тосынсый» күтіп тұрады!

MAGINATION PRESS
Америка Психологтер ассоциациясы
www.maginationpress.com

Magination Press

BILIM FOUNDATION